

Педагог тапшылығы шешіледі

13 наурыз күні Арқалық қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтында «Мектеп, колледж және институт арасындағы білім беру үдерісінің сабақтастығы» тақырыбында семинар өтті. Жиынға Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ ұстаздары, Қостанай облыстық Білім басқармасы, Арқалық қаласының білім бөлімі, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі мен мектептер және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

Шарада өңірге қажетті педагогикалық кадрларды дайындау мәселесі бойынша Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқармасы басшысының техникалық және кәсіптік білім беру мәселелері жөніндегі орынбасары Ардақ Бегатаров сөз сөйледі.

«Қостанай аймағында 125 мұғалім маман жетіспейді. Олардың ішінде: математика, информатика, ағылшын тілі, физика, орыс тілі, логопед-дефектолог сынды оқытушылар тапшы. Алайда, алдыңғы үш жылмен салыстырғанда оң өзгерістер байқалады. Мысалы, 2022 жылы 200 маман, 2023 жылы 146 маман тапшылығы байқалған. Бұл олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 7 оқу орны қарқынды жұмыс жүргізіп жатыр. Оның төртеуі мемлекеттік болса, қалған үшеуі жеке меншіктік. Облыстағы 21 мың студенттің 21 пайызы яғни 4410 студент педагогика саласында білім алуда. Оның ішінде 3500 студент мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқытылып жатыр. Бұл бағытта «ҚазМұнайГаз», «Жарқын болашақ», Маңғыстау өңірінің оқушыларын оқыту, облыс әкімінің гранты сынды тиімді бағдарламалар бар,- дейді Ардақ Құрмашұлы

Облыс әкімінің гранты негізінде А.Байтұрсынов атындағы ҚӨМУ-де 25 студент даярланып жатыр. Олар 2027 жылы 5 педагогикалық мамандық бойынша жоғарғы оқу орнын тәмамдайды. Бұдан бөлек өңірімізде «Серпін» бағдарламасы бойынша 550 студентті қабылдау жоспарда бар. Оның 100-ін педагогикалық мамандықтарға бөлу қарастырылған. Сондай-ақ, Қостанайдағы өңірлік университетпен қатар Арқалықтағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институты кадр дайындап жатыр. Осы орайда «Қостанай жастары» бағдарламасы аясында ЖОО бітірген түлектерді жұмысқа орналастыру және үй мәселесін шешу қарастырылуда. Айта кетерлігі, өткен жылы «Серпін» бағдарламасы бойынша 15 студент

бітіріп, оның 12-сі жұмысқа орналасты. Биыл тағы үш студент бітіреді деп күтілуде.

Ы.Алтынсарин атындағы қара шаңырақ 28 жылдан бері 44 білім беру бағдарламасы бойынша педагогика мамандарын дайындап келеді. Бүгінгі күні институт Финляндияның ХАНГ және Астанадағы Назарбаев универси-

аясында екі министрлік біріккен салалық іс-шаралар жоспарын құрды. Ондағы мақсат – барлық білім беру бағдарламаларын жаңартып, жетілдіру. Яғни, дайындап жатқан педагог кадрларға микробіліктілік, майнер бағдарламаларын енгізу. Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ға-



теттерімен тығыз қарым-қатынаста. Сол арқылы 30 жаңа білім бағдарламасы енді. «Финляндиядан Қазақстанға» жобасы бойынша 12 студент инновациялық бағдарлама негізінде білім алуда. Сонымен қатар, институт 2024 жылы 20 тамызда кәсіптік стандарт бойынша магистратураны оқытуға лицензия алған.

- Жұмысшы мамандықтар жылы

лымдары дайындаған «Жол картасы» негізінде мектеп-колледж-институт біріккен консорциумын құру, сол негізде бірлесіп жұмыс жасау. Мысалы, мектепте 399 бұйрық бар. Онда әр пәнді оқытқанда сабақ барысында қолданылуы қажет бағдарламалар болуы керек. Біз сол бағдарламалардағы тақырыптарды силлабустерге қойып, болашақ

мұғалімдерді дайындаймыз. Егер біздің мектеп, колледждермен байланысымыз болмаса, жаңартылған білім бағдарламаларын меңгерген маман дайындап бере алмаймыз. Сол себепті бүгінгі жиынның мақсаты да мектеп, колледждердің ұсынысын тыңдауға негізделді,- дейді Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер бойынша проректоры Жанна Жусупова.



Арқалық қаласы бойынша 25 мектептің 18-і инклюзивті білім береді. Бүгінде 318 баланың тірек қимылы бұзылған, ақыл-ойы қиын дамиды және тілі кеміс. 1 мұғалімге 12 баладан келсе, өңірімізде дәл осы салада мұғалім тапшы. Әсіресе, денешынықтыру нұсқаушысы, балабақша мен мектептерде логопед-дефектолог, бұзық гипербелсенді балалармен жұмыс істейтін педагог ассистент қажет. Осы мамандық бойынша қазіргі күні 4 түлек оқып жатыр. Оларға қала әкімі тарапынан үй алуда жоспарда.

Институт дуалды білім беруге де аса назар аударып отыр. Яғни, төртінші курс студенті тәжірибеден өтуге барған жерінде мұғалім жетіспесе, сағаттар алып жұмыс істей береді. Бұл студент пен мектепке таптырмас мүмкіндік. Себебі, кадр тапшылығын шешеді, әрі бітіруші түлекке жұмыс орны дайын. Қазір 4 студент мектептерде сабақ беруде.

Семинарда «Білім беру бағдарламаларын жаңарту: дамудың жаңа мүмкіндіктері мен перспективалары», «ЖОО мен колледж жүйесін интеграциялауға арналған ортақ бағдарламаларды құру», «Орта білім мазмұны мен білім сапасын арттыру: педагог дайындаудың заманауи талабы», «ЖОО мен мектеп арасындағы сабақтастықтың студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудағы маңызы», «Кәсіби педагог маман дайындауда педагогикалық тәжірибенің маңыздылығы» тақырыптарында әңгіме қозғалды.

Оразхан ЗЕЙНОЛЛА



**«Жаңа өмір» газетіне
Kaspi.kz қосымшасы
арқылы жазылуға
болады**

«ЖАҢА ӨМІР» аймақтық газеті

Газета «Жаңаөмір»



Kaspi.kz қосымшасы арқылы жазылу үшін "Төлемдер" бөліміне кіріп, "Басқасы" тармағына өтіңіз. Әрі қарай "ҚР баспа басылымдары" одан соң "Баспасөзге жазылуды" басып, баспа басылымдарынан «ЖАҢА ӨМІР» аймақтық газеті таңдаңыз.

Жазылу кезеңін, жеткізу мекенжайын толтырыңыз. Содан кейін төлейтін сома көрінеді. **6 айға-3750тг, 12 айға-7500тг.** Тиісті қаражатыңызды төлеп, үйіңізден газетті күтетін боласыз.

Меншік иесі

«ТОРҒАЙ МЕДИА - А» ЖШС

Директор - Амангелді АХМЕТЖАНОВ

«Жаңа өмір» газетінің Бас редакторы
Оразхан ЗЕЙНОЛЛА
8-700-290-62-23

Жангелдин ауданындағы меншікті

тілші:
Байбатыр АХМЕТБЕКОВ
8-702-529-38-79

Фототілші: Аяғез ФАЗЫЛБЕКҚЫЗЫ

Амангелді ауданындағы меншікті тілші:
Ақбаян ТЕМІРЖАНОВА
8-700-725-98-09

Беттеуші - дизайнер: Айжан АСҚАРБЕК

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хатына жауап бермейді және оны қайтармайды. «Жаңа өмір» газетінде жарияланған материалды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді. Газет аптасына бір рет шығады. Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 31.01.2025 жылы тіркеліп, № KZ74VPY00111217 куәлігі берілді. «Жаңа өмір» газетінің редакциясында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. «Полиграфия Қостанай» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С. Мәуленов көшесі №16.

Редакцияның мекенжайы: Арқалық қаласы, Шақшақ Жәнібек 70.

Кезекші редактор - Ақбаян ТЕМІРЖАНОВА

Мәтін тексеруші - Жазира СМАҒҰЛОВА

Тапсырыс нөмері: 371

Таралымы: 1500

janaomir2025@mail.ru